

Бұқар жырау ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, сондай-ақ Ботақара кенті, Новоузенка, Доскей, Көкпекті ауылдары мен Қушоқы кенті бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы 21 сессиясының № 5 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 қаңтарда № 4568 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Экология кодексі" Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2), 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Бұқар жырау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 26.06.2025 № 8 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді) шешімімен.

1. Бұқар жырау ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Бұқар жырау ауданының Ботақара кенті, Новоузенка, Доскей, Көкпекті ауылдары мен Қушоқы кенті бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тарифтері 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

Б. Жанбырбаев
А. Әли

Бұқар жырау аудандық
мәслихатының
21 сессиясының 2017 жылғы
28 желтоқсандағы № 5 шешіміне
1 қосымша

Бұқар жырау ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

Ескерту. 1 қосымшаға өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 19.09.2019 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық нормасы, м3

1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,75
2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,1
3	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,27
4	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері	1 орын	0,87
5	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,65
6	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,67
7	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банкеттері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,85
8	Емханалар	1 келіп кету	0,0055
9	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,78
11	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,220
11	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,220
12	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,0018
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,04
14	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,03
15	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	0,98
16	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	0,15
17	Алынып тасталды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 19.09.2019 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).		

18	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,35
19	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,32
20	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,3
21	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,65
22	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,35
23	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,60
24	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,38
25	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орыны	0,45
26	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,85
27	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,22
28	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,28
29	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,35
30	Зергерлік, аяқкиімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,12
31	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,3
32	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,56
33	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,0038
34	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,98

Бұқар жырау аудандық
мәслихатының

**Ботақара кенті, Новоузенка, Доскей, Көкпекті ауылдары мен Қушоқы кенті бойынша
тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тарифтері**

Атауы		Жинақталу нормасы м3	1 м ³ үшін тариф (ҚҚС-мен) (теңге)	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, шығару және көму үшін қызмет құны, айына (теңге)
Ботақара кенті бойынша				
Заңды тұлғалар (1м ³)			1343,44	
Жеке тұлғалар	Жайлы тұрғын үй (1 тұрғынға)	1,75	1343,44	194,81
	Жайлы емес тұрғын үй (1 тұрғынға)	2,1	1343,44	235,1
Новоузенка, Доскей, Көкпекті ауылдары мен Қушоқы кенті бойынша				
Заңды тұлғалар (1м ³)			1121,8	
Жеке тұлғалар	Жайлы тұрғын үй (1 тұрғынға)	1,75	1121,8	163,59
	Жайлы емес тұрғын үй (1 тұрғынға)	2,1	1121,8	196,32

Ескерту: ҚҚС – қосылған құн салығы;
м3 - текше метр.